



БҰЙРЫҚ

15 қазан 2012 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 283

город Астана

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі әзірлеген ведомстволық
статистикалық байқаулардың
статистикалық нысандары мен
оларды толтыру жөніндегі
нұсқаулықтарды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 16) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) «Заемдар және олар бойынша сыйақы ставкалары туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7471201, индексі 2-СБ, кезеңділігі айлық) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Заемдар және олар бойынша сыйақы ставкалары туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7471201, индексі 2-СБ, кезеңділігі айлық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) «Заемдар бойынша нақты берешек қалдығы туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7481201, индексі 3-СБ, кезеңділігі айлық) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) «Заемдар бойынша нақты берешек қалдығы туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7481201, индексі 3-СБ, кезеңділігі айлық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес;

5) «Банктердің қаржы ағындары және қорлары туралы есебі» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7661204, индексі 11-СБ, кезеңділігі жылдық) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес;

6) «Банктердің қаржы ағындары және қорлары туралы есебі» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды

7661204, индексі 11-СБ, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес;

7) «Экономика секторлары бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7561202, индексі СО, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес;

8) «Экономика секторлары бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7561202, индексі СО, кезеңділігі тоқсандық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсында міндетті түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі төрағасы

Г. Марченко _____

2012 жылғы « ____ » _____